



ИНДОНЕЗИЯ ЕЛШІСІ ФОСТЕР ГУЛТОМ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



Индонезия Республикасының Қазақстандағы Елшісі Фостер Гултом оқу ордамызда болып, университет ректоры Кенжеғали Кенжебаевпен кездесті. Бұл кездесуде білім саласындағы мәселелер мен мақсаттар талқыланды.

19 ақпан күні өткен кездесу барысында білім ордасының басшысы білім ордасы жайлы мағлұмат бере отыра, университет құрылымында 55 мамандық дайындайтын 6 факультет және 2 институт бар екенін айта кетті.

- Университет «E-Leaming» электронды оқыту-2020» мемлекеттік бағдарламасын жасауға атсалысты. Орта мектептің, колледж, жоғарғы оқу орындары пәндерін басшылыққа ала отырып, Stereo 3D-МИОС жобасын жасадық. Қазіргі таңда жоба порталда орналастырылған. Порталдағы бар ақпаратты, кітапханаға тәулік бойы кез келген уақытта оқушы логині арқылы кіріп ала алады. Қазір біздің алдымызда «бұлт» технологиясына да «электронды мұғалім» дайындау мәселесі тұр. Сонымен қатар, біздің университет Индонезия елінің университеттерімен де байланыс жасауға дайын, - деді ол өз сөзінде.

Индонезия елінің Елшісі Фостер Гултом өз кезегінде:

- Біздің еліміз 17,500 аралдан тұрады. Осы орайда сіздің бастап отырған жобаңызға ұқсас технология біздің елде кең етек алып отырғанын айта кеткім келеді. Біздің тарапымыздан еліміздегі рейтингі жоғары оқу орындарымен байланыс жасауға, студенттермен алмасуға, сіздің жобаңызды әрі қарай

жалғастыруға Индонезия елшілігі тарапынан қол ұшын созуға өркез дайын екенімізді жеткіземіз,- деді Посол

Кездесу соңында Фостер Гултом К.Кенжебаевқа езара сыйластықтың белгісі ретінде естелік сыйлығын тарту етті.

Ректормен ресми кездесу аяқталу барысымен делегация құрамы университетіміздің шетел тілдері факультетінің оқу ғимаратына бет алды.

Бұл кездесу елші мен ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Алтыншаш Бекбауованың қатысуымен өтті.

Кіріспе сөз алған Алтыншаш Упуқызы:

- Халықаралық байланыстар кезегінде біздің университет АҚШ, Латвия, Қытай, Болгария, басқа да елдермен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келісім шартта отыр. Фостер Гултомның біздің оқу ордамызды таңдап отырғанына аса қуаныштымыз, - деді.

Елшілік қызметкерлері студенттер назарына «Ғажайып Индонезия» атты презентациясын тамашалауға ұсынды. Сондай-ақ, бұл басқосуда студенттерге сұрақтар қойылып, зейінді студенттерге қойылған сауалға дұрыс жауап бергені үшін елшілік тарапынан сыйлықтар ұсынылды. Кездесу өте қызықты өтті. Елшіліктің Индонезия еліне 3 бірдей оқу гранттық бағдарламасы жайлы ұсынысы да осы кездесуде жастардың қызығушылығын оятқаны анық.

Динара КУЖАХМЕТОВА



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Жолдауды насихаттауға
арналды



2 бетте

Өміршең өркен қағидасы



3 бетте

Ғасыр дертінен
сақтандырды



4 бетте

«Жастар және діни сана»



5 бетте

Дін қайраткері Досжан
ишанның
рухани мұрасы насихатталды



7 бетте

ЖОЛДАУДЫ НАСИХАТТАУҒА АРНАЛДЫ



шығу жолдарын қарастырып, соларды жүзеге асыруды баршамызға алдымызға міндет етіп қойып, соған жұмыла атсалысуға шақырып отыр, - деді ол өз сөзінде.

Келесі сөз көзегін алған Амангелді Айталы: - Жолдау әр ел үшін маңызды. Бұл тек Қазақстандық Президент емес, президенттік нысанда басқаратын барлық елдің басшылары да жаңа жыл қарсаңында халқына Жолдау жолдайды. Себебі әр елдің жағдайы әртүрлі. Осы уақытқа дейін үлкен үмітпен 25 жылға келдік. Нарыққа кешеміз, нарық бәрін реттейді дедік. Шүкір нарық бізді дүниеге тойғызды. Мынадай молшылық, мынадай той тойлау бұрын болған жоқ. Бірақ нарық езінің көлеңсиз жақтарын да алып келді. Ол - жемқорлық, ол - теңсіздік. Біздің елімізде Меңделеев кестесіндегі байлықтың бәрі бар. Табиғи байлыққа сөніп өмір сүрген елдерде дағдарыс басталды. Себебі мұнайдың, газдың бағасы түсті, енді не істейміз? Осы сұрақтардың

Университетімізде Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2015 жылғы Қазақстан халқына жолданған Жолдауын насихаттау барысында факультеттерде келтірілген шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Сондай шараның бірі жаратылыстану факультетінде өтті. Философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталы, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Мұхтар Мирон, сондай-ақ, жаратылыстану факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысқан деңгелек үстелде қатысушылар ашық пікірлесіп, ойларың, сұрақтарын ортаға салды.

Деңгелек үстел еліміздің әнұранымен басталды. Кіріспе сөзді факультет деканы Задагүл Сұлтамұратова сөйлеп, ол жиналғандарға шараның мақсатын айта отырып, келесі сөз көзегін Мұхтар Орынбасарұлына берді.

- Сіздер естеріңізде болар, Елбасының Жолдауын университетіміздің Студенттер сарайында тікелей эфирден көріп, қадағалаған болатынбыз. Қазір еліміздің барлық облыстарында осы Жолдауды талдау, түсіндіру, оны орындау барысындағы бағыты - 100 қадам, 5 реформаны жүзеге асыру мақсатында келтірілген шаралар өткізілуде. Елбасымыз езінің әр Жолдауында мемлекеттің, елдің болашақ дамуының бағыт-бағдарын айқындап отырады. Ал бұл Жолдау нәсімен ерекше десек, Елбасы қазіргі әлемдік дағдарыс кезінде тығырықтан

шешімін Елбасы Жолдауында қарастырады, - деді. Студенттер Амангелді Әбдірахманұлына кеңейде жүрген сұрақтарын қойып, өздеріне көптеген мағлұмат алды.

Деңгелек үстелде студенттер шараның жоғары деңгейде өтуіне үлкен белсенділік танытты. Биология мамандығының 1 курс студенті Айықхан Байтілеу «Елбасы Жолдауы жастардың болашаққа сенімді құжаты» тақырыбында жасаған баяндамасында «Президент жариялаған жолдаудың аясында біртектілік пен бірлік саласы, жалпы идеология саласына, соның ішінде әдебиет пен өнер, оқу мен ғылымның интеграциясына тығыз көңіл бөлді. Соның ішінде жастарға да көңінен тоқталып кеткен болатын Н.Ә.Назарбаев езінің Жолдауында «Білімді, еңбекқор, бастамашыл белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өмірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер, мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туды. Ерінбей еңбек еткен талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады» деген еді. Бұл Елбасының жастарға сенетіндігін айқын көрсетеді» деп жолдауды жастардың қолдайтындығын айтты. Биология мамандығының 3 курс студенті Айжан Бүркітбай да «Қазақстандық арман және жастар» тақырыбында жасаған еңбегінде ел үмітін, Елбасының сенімін ақтауымыз керек дегенді алға тартты.

Жадыра АРЕН

МҰҚИЯТ ТАНЫСУДА

Университетіміздің барлық ұжымдарында, топтары мен курс студенттері арасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын кеңінен талқылап, студенттер арасында насихаттау шаралары кеңінен жүріп жатыр. Соның бірі- «Ел тірегі-Елбасы» атты деңгелек үстел мәжілісі. Шараға негізінен филология факультетінің студенттері қатынасты.

Мәжілісті университеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы Жәнібек Бейбітов жүргізіп отырды. Филология факультеті деканының орынбасары жастар алдына қойып отырған зор міндеттері туралы әңгімеледі. Мәжілісте Қазақстан халық Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Нұрбек Нұрғалиев, облыстық жастар саясаты басқармасының бас маманы Әлішер Мәжит, «Серпін» бағдарламасының екілі Мелдір Жеткізенова, филология факультетінің үшінші курс эдвайзері Нұрбол Садуақасов, осы факультеттің төртінші курс студенті Айбат Өмірбаевтар сөз алып, пікір белісті.

Басқосуда сөз алғандар еліміздің келешек дамуында негізгі бағыттарды айқындап берген маңызды құжат екенін баса көрсетті. Келешектің тұтқасы болатын жастардың Жолдауда алға қойған міндеттерді орындауға белсенділік танытып, әлемдегі озық отыз елдің қатарынан көрінуге үлестерін қосарына сендірді.

Аз тілшіміз

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Экономика және құқық институтының №5 оқу ғимаратында институт қызметкерлері, магистранттары және студенттерінің Назарбаев Университеті оқуға қабылдау бойынша Департаменті және Назарбаев Университеті жоғары мектептері өкілдерімен кездесу болып өтті.

Кездесу барысында Назарбаев Университеті өкілдері Назарбаев Университеті жоғары мектептерінде жүзеге асырылатын академиялық бағдарламалар, университеттің әлеуметтік серіктестері туралы мағлұмат беріп, магистратура және докторантура білім бағдарламаларына түсу конкурсына қатысу үшін құжаттар тапсыру ережелерімен таныстырды. Экономика және құқық институтының қызметкерлері, магистранттары мен студенттері қызықтыратын сауалдарға толық қамтылған жауаптар алды.

Сәндігүл КЕЛБЕТОВА,
тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары

ЖАСТАР САЙЛАУҒА ДАЙЫН

2016 жылдың 20 ақпан күні ҚР Тұңғыш Президент саябағында облыстық сайлау штабының ашылуына орай акция өтті. Аталмыш акцияның ұйымдастырылуына және өтуіне университетіміздің техникалық факультетінің белсенді жастары да өзіндік үлестерін қосты. Акцияның негізгі мақсаты - сайлау алдында қала тұрғындарының жағымды көңіл-күйін қалыптастырып, сайлау туралы толыққанды ақпарат беру және халықты сайлауға бір кісідей қатысуға шақыру.

Акция барысында ұйымдастырушылар қала тұрғындары мен қала қонақтарын еліміз үшін маңызды шараға қатысуға, еліміздің болашағына бей-жай қарамауға шақырып, дұрыс таңдау жасауға үндеді.

Еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді бағалайтын, болашағына зор үмітпен қарайтын техникалық факультеттің белсенді жастары 2016 жылы 20 наурызда өтетін сайлауға толық қатысуға дайын екендіктерін айтты.

Данагүл БАЗАРБАЕВА,
техникалық факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

БІЛІМДІЛЕР САЙЫСТЫ

Жуырда филология факультетінің қазақ филологиясы мамандығының 101 және 102 топтар арасында техникалық факультетінің жалпы техникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Марлен Жолдыбаевтың ұйымдастыруымен интеллектуалдық олимпиада ойыны өтті. Ойын 3 турдан тұрды. Ең алғашқы кезең бойынша ойынға қатысушылар сұрақтарға ұтымды жауап беру керек болса, екінші турда тапқырлықтарын сынады. Ал үшінші сынақ логикалық сұрақтарға негізделді.

Бұл білімділер жарысының негізгі мақсаты студенттерді тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, шапшаңдыққа баулуға арналды. Жарыста екі топтың ойыншылары да қызықты ойын көрсете білді. Дегенмен қарсыластарына қарағанда шапшаңдық, тапқырлық таныта білген 102 топ студенттері ұпай санынан басымдық танытып, жеңімпаз атанды.

Әбілқайыр ТІЛЕУЖАН,
Алтынай ОРЫНБАЕВА,
қазақ филологиясы мамандығының студенттері

ЖОЛДАУДЫ ҚОЛДАЙДЫ



Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауын насихаттау мақсатында, шетел тілдері факультетінде студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі және студенттік деканаттың ұйымдастыруымен, ақпан айының 18 жұлдызында «Жастар Президент жолдауын қолдайды» атты деңгелек үстел өткізілді. Аталмыш іс-шараға факультет деканы Салтанат Искиндинова, факультет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Деңгелек үстелдің алғы сөзінде Салтанат Қуатқызы, Елбасымыздың жолдауында атап өткен реформалардың қазіргі заманда өзекті екендігін айтып өтті. Сонымен қатар студенттер де белсенділік танытып, Жолдауға байланысты өз баяндамаларын ортаға салды. Жастардың ой-пікірлері қазіргі таңда Қазақстан дағдарыс кезеңін бастан өткеруде, бірақ осыған қарамастан біз Президентіміздің сарабал саясатының арқасында тығырықтан шығатынымызға және еліміздің өрі қарай дамуына сенімдіміз дегенге тоғысты.

Тойлыбек ТАЛГАТБЕКОВ,
шетел тілдері факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

Сейсенбі күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тарих факультетінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздікке 25 жыл: жетістіктері мен келешегі» тақырыбында деңгелек үстел өтті.

Шараға университеттің профессор-оқытушылар құрамы, тарих факультетінің студенттері қатысты.

Басқосуда тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Н.Абдоллаев, Р.Бекназаров, Т.Жұмағанбетов, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ж.Орамах ел егемендігін алған жылдардағы жеткен жетістіктерге тоқталып, Елбасының сындарлы саясатының арқасында көптеген ірі реформалар, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени, рухани салалардағы маңызды шаруалар атқарылғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, Қазақстанның аз уақыттағы жетістіктері елдегі тұрақтылық,

ұлтаралық достықпен тығыз байланысты екенін жеткізді.

— Елдегі тұрақтылықты өз дамуының негізі етіп алмаған елдің болашағы да бұлыңғыр болатыны анық. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан-ақ халықтың ауызбіршілігіне, ынтымағына мән беріп, бірлікті өркендеуіміздің басты қағидасы ретінде қалыптастыра білген Елбасының сарабал саясатының өміршеңдігі әлем қауымдастығы тарапынан бүгінгі күні мойындалып отыр, — деді Н.Абдоллаев.

Профессор-оқытушылардың сөзін түйіндеген тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент С.Есқалиев:

— Биыл егемендік алғанымызға 25 жыл толғалы отыр. Әрине, осы күнге дейін көптеген қиындықтарға кезіктік. Сонымен бірге, табысты нәтижелерге де қол жеткіздік. Тәуелсіздік-кез келген халық үшін өте қадірлі ұғым. Дәл бұған ешкімнің таласы болмас. Бұл құбылыстың

ӨМІРШЕҢ ӨРКЕН ҚАҒИДАСЫ



терең астарларын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздегеніміз дұрыс. Халқымыз үшін күрделі кезең болған XX ғасырдың соңында жарқ еткен тәуелсіздігіміздің

ғұмыры ұзақ болсын! — деді.

Шара барысында жиналғандар ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған бейнефильмдер мен слайдтарды тамашалап, студенттер тәуелсіздік туралы өз ой-пікірлерін білдірді. Жиын соңында

шараға қатысушылар Қ.Мырзалиевтің сөзіне жазылған Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындады.

Д.ҚАЗИХАН,
№31-32 номер, «Ақтөбе» газеті

ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАТЫЛ ҚАДАМ

Жақында университетіміздің педагогика институтында «Университет - мектеп» ғылыми-педагогикалық зерттеу орталығының жетекшісі А.Кенжеғұлованың ұйымдастыруымен «Жаңартылған орта білім: мұғалімдерді өзгермелі өмірге дайындау» тақырыбында диалог алаңы өткізілді.

Бұл шараға облыстық білім беру мекемелерінің өкілдері, мектеп басшылары, экспериментатор-мұғалімдер, сондай-ақ, университетіміздің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры А.Бекбауова, оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Т.Ботағариев, оқытушы-профессорлары мен студенттері қатысты. Шараның мақсаты - оқыту саласында болып жатқан өзгерістерді талдау және оларды жүзеге асырудың білікті мамандар дайындауға мүмкіндік беретін жолдары мен стратегияларын алдын ала белгілеу бойынша ұсыныс, шешімдер қабылдауға арналды.

Кіріспе сөз алған ғылыми-инновациялық жұмыстар және

халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Алтыншаш Упуқызы «Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер жайлы пікір алмасуға, тәжірибе бөлісуге, жаңа өзгерістерге біздің педагог мамандарымыздың дайындығы қандай деген мәселені қарастыру үшін бас қосып отырмыз. Жаңалықты оқытуға енгізіп, тәжірибеде қолдана бастаған новыи орта мектебінің өкілдеріне қош келдіңіздер деп, көшбасшы ретінде бұл кісілерге қошемет білдіріп отырайық», - дей келе, ол білікті педагог мамандарды даярлау жоғары оқу орны профессор-оқытушыларының басты міндеті екенін атап өтті. Педагогика институтының директоры Клара Төребаева «Білім беру саласында көптен бері көтеріліп, көпшілікті ойландырып жүрген мәселелердің бірі, ол - 12 жылдық білім беруге көшу мәселесі. Осы мәселені және білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістерді университетіміздегі «Университет-мектеп» ғылыми-педагогикалық зерттеу орталығы кеңінен қарастырып, зерттеп келеді», - деп өз ойын білдірді.

Диалог алаңына қонақ ретінде келген облыстық ғылыми-



тәжірибелік орталығының ғылыми әдіскері Ә.Қ.Тұрмашева мен С.О.Жұбаева 12 жылдық оқудың бағдарламасының ерекшеліктеріне, оқу әдістемесіне тоқтала отырып, көптеген мысалдарды алға тартты. Бұл бағдарламаның педагогтардан кәсібилікті, шығармашылықты, жаңашылдықты, үш тілді қатар білуді талап ететінін айтты. Ал

қаламыздағы биылдан бастап эксперимент ретінде осы 12 жылдық бағдарлама негізінде білім беруді бірінші сыныптарға бастаған новыи орта мектебінің мектеп директорының орынбасары А.Абжалелова, эксперимент сыныбының мұғалімі Д.М.Қыстаубаевалар жаңа жүйеде оқытудың қиыншылықтарымен қатар артықшылықтары да өте көп екендігіне тоқталды.

Диалог алаңында жаңа өзгерістерді меңгеру үшін не істеу керек, жаңашыл педагог мамандарды дайындауда қандай әдістер қолдану керек, өзгеріске бейімделу жағдайындағы кедергілер, қосымша кәсіби білім берудегі мәселелерді қалай шешу керек деген мәселелер кеңінен талқыланып, ұсыныстар ортаға салынды.

Жадыра АРЕН

ОБЗОР РОБОТОТЕХНИЧЕСКОГО КОМПЛЕКТА LEGO

В условиях развития современного общества, всеобщей информатизации возникает потребность в обучении и воспитании личностей, владеющих современными технологиями, умеющих общаться и взаимодействовать со всем многообразием реального мира, свободно ориентироваться в мировом информационном пространстве.

Ежедневно до нас доходит все более нарастающий ее поток, который отнимает у нас все больше времени. Ориентироваться в этом поистине безбрежном море непросто. Что из этой информации важно, а что не важно, как с ней работать, как оценивать? Для всех членов общества возрастает необходимость постоянного повышения квалификации, обновления знаний, освоения новых видов деятельности.

Поэтому особую значимость для развития приобретают умения собирать необходимую информацию, делать выводы и умозаключения, использовать для работы с информацией новые информационные технологии. Выполнить эту задачу призвана информатика.

Работая со студентами, я заметил у них сложности при работе с информацией, даже с традиционными источниками. Это побудило меня заниматься проблемой формирования информационной компетентности.

Студентки 1-го курса группы ДЗр-1 Карина Ашейчик, Акура Мусаева, Альбина Абджалиева, Ляйля Ермекова приняли участие в проекте под названием «Обзор программируемого комплекта робототехники Lego (для вуза)», который позволил им приобрести уникальный опыт, невозможный при других формах обучения.

Этот проект затрагивает тему «Информация и информационные процессы» по дисциплине «Информа-



тика» и является проектом информационного типа. Ее длительность составила 2 недели.

Результатом стало создание студентом доклада с подборкой сообщений, иллюстраций, статей из Interneta.

Целью данного проекта является закрепление у студентов навыков управления информационными процессами, обменом, хранением и обработкой информации, а также формирование навыка самостоятельного выполнения зада-

ния и потребности к расширению своего кругозора.

В процессе написания проекта использовались материалы Всемирной сети.

В ходе выполнения проекта студенты выяснили, что развитие технических способностей необходимо студентам всех специальностей, в том числе и тем, которые не собираются связывать свою профессиональную деятельность с технической и технологиями, поскольку наличие данных способностей позволяет решать такие задачи, возникающие при использовании современной техники в повседневной жизни. Для мотивирования студентов к развитию технического мышления отлично подойдет знакомство их с образовательной робототехникой Lego.

В целом метод проектов является эффективной инновационной технологией, которая значительно повышает уровень компьютерной грамотности, мотивацию, уровень самостоятельности студентов, общее интеллектуальное развитие, способствует развитию основных компетенций: информационных, коммуникативных, учебно-познавательных.

Виктор КАЗАГАЧЕВ,
ст.преподаватель кафедры ОТД,
технический факультет



РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ТРЕБУЕТ СОВМЕСТНОГО ОБСУЖДЕНИЯ

16 февраля с.г. преподаватели института педагогики АРГУ им. К.Жубанова приняли участие в онлайн-конференции «Инклюзивное обучение: от теории к практике», организованной Атырауским государственным университетом им. Х.Досмухамедова. В обсуждении столь актуальной проблемы участвовали также преподаватели КазНПУ им. Абая, Кокшетауского государственного университета им. Ш.Валиханова, Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата.

В своём выступлении З.У. Имжарова, к.п.н., доцент, руководитель инновационного центра педагогического образования АРГУ им. К.Жубанова, проанализировала содержание и состояние повышения квалификации преподавателей вузов в области инклюзивного образования, показала перспективные направления деятельности вуза в реализации инклюзивного образования, а именно: психолого-педагогическое сопровождение студентов с ограниченными возможностями здоровья и пути подготовки к инклюзивному обучению будущих специалистов. Выступление было построено в интерактивном режиме, и преподаватели нашего вуза смогли принять активное участие в обсуждении проблем.

Зауреш ИМЖАРОВА,
к.п.н., доцент

ҒАСЫР ДЕРТІНЕН САҚТАНДЫРДЫ

Жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы жер шарында пайда болғаннан бері адам баласының өмірі қорқынышты жағдайда өтуде. Өйткені бұл ауру өзінің қатерлілігі жағынан «Ғасыр дерті» деп бекер аталмаған. Аурудың емделу жолын іздеп дүниежүзі ғалымдары дүркін – дүркін бас қосып, қарсы егілетін вакцина мен дәрі-дәрмекті жасап шығарудың амалын қарастыруда, өкінішке қарай жасалған дәрі – дәрмектердің күші ауруды уақытша тежеуге ғана жетеді.

Бұл туралы кеңірек 15 ақпанда экономика және құқық институтының заң пәндері кафедрасының оқытушылары Олжас Адаев және Рауан Жалтырбаеваның ұйымдастыруымен өткен «СПИД ғасыр дерті» атты ашық кураторлық сабақта, «Құқықтану» мамандығының 102, 104, 204 топтары арасында талқыланып, танымдық видеоролик көрсетілді.

Студенттер сабақ барысында туындаған сұрақтарын СПИД орталығының маманы Жанна Тойланкуловаға қойып, тиісінше мағлұмат алды. Орталық маманы тақырып түсініктірек болу үшін студенттер арасында шағын ойын ұйымдастырды. Студенттер сабаққа белсене атсалысты. Соны-



мен қатар, экономика және құқық институтының тәрбие ісі бойынша директор орынбасары С.Ж.Кельбетова, заң пәндері кафедрасының меңгерушісі Б.Ш.Исмаилова және кафедра оқытушысы Б.Т.Елубаевалар да бұл ойынның қызықты және түсінікті өтуі үшін өз үлестерін қосты.

СПИД адамзат алдында тұрған өте қиын мәселе, ол тек медициналық қана емес, әлеуметтік проблема екені сөзсіз.

Қатерлі аурудың жыл санап өршуінің бірден – бір себебі қоғамдағы салауатты, мәдениетті өмірдің бұзылуы, есірткі шегушілердің көбеюінің салдары. Осы кесел адамзат өміріне тек «өлім дәнін себу» де. Саналы азамат салауатты ғұмыр сүріп, дені сау ұрпақты тәрбиелеп, отбасында пайдалы еңбек етіп, денінің сау болуын санасынан ешқашан шығармауға тиісті.

Тәуелсіз еліміздің болашағы біз, сондықтан да әрқайсысымыз бұны «азаматтық борышым» деп ұғынуымыз қажет. Бізді аналарымыз дүниеге келтіріп өмір сыйлағанда «Балам есті азамат болып өсіп, халқына қызмет етсін» деп тілек тіледі. Ендеше, өзін – өзі «Мен адаммын» деп санайтын әр азамат өзінің адамдық борышын дұрыс өтеуге тиісті.

Айдана ҚАНАТ,
Ю-104 тобының студенті

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚҚА ШАҚЫРДЫ

«Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі облыстық дін істер басқармасымен бірлесе отырып, жоғарғы оқу орындарының жатақханаларда тұратын студенттерімен кездесулер ұйымдастырып, бірқатар шараларды өткізіп те үлгерді.

Ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізу мақсатында - Ақтөбе облысы «Дін істері» басқармасының инспекторы Нұрсұлтан Жаншин мен «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теологі Мейірбек Қалмановтың қатысуымен, 15-16 ақпан күндері бұл іс-шара біздің білім ордамыздың №1 және №2 жатақханаларында өтті.



Кездесу кезінде сөз алған Нұрсұлтан Жаншин замандас жастарымыздың сыртқы атрибуткаға еліктеп, діннің дәстүрлі, дәстүрлі емес агымдарын ажырата алмай, теріс бағытта адасып кетіп жатқан жағдайлардың өкінішке орай елімізде көптеп орын алып жатқандығын тілге тиек етті. Мұндай жағдайлардың елімізде кең үрдіс алуына жастардың дін туралы сауатының жетіспей жататындығы, сондықтан қателіктерге ұрынбау үшін дін жайында дұрыс ақпарат таратып, жастармен осындай кездесулерді жиі ұйымдастырып тұрудың маңыздылығы зор екенін айтты.

«Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теологі Мейірбек Қалмановта өз кезегінде өзекті мәселердің бірі – дін экстремизм туралы айта кетті. Сонымен қатар, жастардан осы экстремистік топтардан бойларын аулақ ұстауларын, жан-жағындағы дінге бейімшіл азаматтарды сақтап қалуға ескертті. Интернеттік желі арқылы кез келген ақпараттың ақ-қарасын жіктеп, ажыратып алмай тұрып, дін туралы білім алуға болмайтынын да баса айтты. Осы орайда, мемлекет тарапынан «Дін істері» басқармасына кез келген уақытта хабарласа алатындықтарын да ескерте кетті.

Егер сізде дін туралы, дін мәселесі туралы сұрақтар пайда болса, «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының 8 7132 - 73 97 67 телефона кез келген уақытта хабарласа аласыздар.

Динара КУЖАХМЕТОВА



БАЛА ТӘРБИЕСІ БАСТЫ НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

Жақында университетіміздің экономика және құқық институтының мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы 202 тобы студенттерінің ұйымдастыруымен «Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі» атты ашық эдвайзер сағаты өтті.

Ашық эдвайзер сағаты бала тәрбиесі отбасынан басталатындығын, әр ата-ана бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қараса ғана баланың болашағы жарқын болатынын жастарға түсіндіру мақсатында өткізілді. Қазіргі жас - ертеңгі ата-ана. Ата-ана жауапкершілігін осы бастан сезіне білу үшін мұндай шараның маңыздылығы өте зор. Ашық сабақ барысында баланы дұрыс тәрбиелеуге отбасында алдымен жанұя жағдайы, онда қалыптасқан татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күй тікелей ықпал ететіндігі айтылды.

«Ұлда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді дана халқымыз. Сабақ барысында бала тәрбиесіне орай көріністер қойылып, әр студент өзінің ойын ашық ортаға салып, қызу пікірталас орнады. Өнегелі отбасы жайындағы ұшқыр қиялдарымен бөлісіп, әрқайсысы ата-анасын әркез үлгі тұтатынын, олардың бала тәрбиесінде алар орны ерекше екенімен бөлісті.

Сабаққа қатысқан кафедра оқытушылары өзекті тақырыпты көтеріп, құнды ойлар мен пікірлерді ортаға салып, тәрбиелік маңызы зор шараны ұйымдастырған студенттерге алғыстарын білдірді.

Ш.НУРГАЛИЕВА,
2 курс аға эдвайзері

ТЕРМИН СӨЗ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАР НЕГІЗІ



Өткен сәрсенбіде экономика және құқық институтының конференц залында «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу лабораториясының ұйымдастыруымен «Про-

фессор Қ.Жұбанов және терминология мәселелері» тақырыбына семинар өтті. Семинарды кіріспе сөзбен ашқан зертхана меңгерушісі, доцент Болат Баймуханов

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттік тіл мәселелеріне, оның ішінде қазақ терминологиясына зор маңыз беріп отырғанын және бұл жөнінде Елбасы өзінің 2014 жылғы халыққа Жолдауында ұлттық кәсіби сөзді латын тілі негізіндегі терминдер дәрежесіне жеткізу керек деп зиялы қауым алдына міндет қойғанын айтты. Семинарға қатысушыларға «Құдайберген Жұбанов» атты деректі фильм көрсетілгеннен кейін Қ.Жұбановтың терминологиялық концепциясының қолданбалық сипаты жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Ж.Құрманова баяндама жасады. Ол мемлекеттік тілді үйрету мақсатында, банк қызметкерлерімен өзі жүргізген сабақтар негізінде терминдер мен кәсіби сөздерді нақты жағдайда қалай ұтымды пайдалануға болатыны жайлы мысалдар келтірді. Бақытгүл Жәкешқызының лингво-педагогикалық

сұхбаты экономист ұстаздардың үлкен қызығушылығын туғызды. Семинар барысында «Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты Ғалым Мүсіров, «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Жұмабай Атанияз тақырып бойынша өздерінің ой-пікірін ұсыныстарын білдірді. Ал директордың ғылыми істер және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары, профессор Бауыржан Жүнісов өткен жылы дүниеден озған, Қазақстанға белгілі экономист-ғалым Ү.Б.Байжомартовтың кәсіби сөздерді оқытушылық істе және ғылыми еңбектер жазуда әр уақыт тиімді қолданғандығын еске алды және ол Үкітай Байжомартов ағаймен біргесіп, «Нарықтық экономика негіздері» оқулығын жазған тұста кәсіби терминге қатысты өзінің де жинақтаған тәжірибесін сөз етті. Ғылыми-тәлімдік, интерактивтік шара барысында қазақ терминологиясының өзекті проблемалары кең талқыланды. Кеделі көңеске қатысқан экономист-оқытушылар семинардың жоғары кәсіби деңгейде өткеніне ризашылықтарын білдіріп, «Жұбановтану» зертханасына институт атынан рақмет айтты. Жиын соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табыс етілді.

Сендігүл КЕЛБЕТОВА,
экономика және құқық институтының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІНИ САНА



Елімізде ислам дінінің атын жамылып жастардың діни сауатсыздығын өз мүдделеріне пайдаланып, жас-тарды теріс жолға салып жүрген топтар аз емес. Сондықтан еліміздегі жат діни ағымдарға қарсы тұратын азаматтық

ұстаным мен сыни көзқарас қалыптастыру маңызды. Жат діни ағым шырмауына түспеу үшін жастарға идеологиялық тұрғыдан ықпал ету тетіктерінің бірі – ұлттық рух пен ұлттық дүниетаным негізінде тәрбие беру, діни сауатын

көтеру, дін мамандарынан дұрыс ақпарат алу.

Осы орайда Экономика және құқық институтының 1 курс студенттері үшін «Жастар және діни сана» тақырыбында шара өткізіліп, Шараға Ақтөбе облысының Дін істер басқармасы «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының басшысы Ж.Сүлейменов және Ақтөбе қалалық мешітінің наиб имамы Т.Алдабергенов шақырылды. Қатысқан қонақтар студент жастарға ислам дініне тән сипатына тоқталып, оның бейбіт дін екенін атап өтті. Сонымен қатар, студенттерге дәстүрлі емес діндердің дәстүрлі діннен айырмашылығын түсіндіріп, жат діндерден сақтану керектігін жеткізді және осы тұра-сында видео материалдар ұсынды.

Шара соңында қонақтар оқытушылар мен студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауаптар берді.

Дін тақырыбы – бұл күрделі, нәзік тақырып. Дін алауыздықтың емес, бірлік пен ынтымақтың негізі болуы керек.

Жастарды ең алдымен ұлттық рух пен зайырлы мемлекеттік негізде тәрбиелеп, исламдағы көркем мінезділік және адамгершілік құндылықтарға баулып, отанды сүю, қоғам мен адамды құрметтеу сенкіді ұстанымды санасына сіңіру керек деп ойлаймыз.

Бағдагул ЕЛУБАЕВА,
экономика және құқық институтының аға кураторы

ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ



19 ақпан күні экономика және құқық институтында «Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының біріуші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру курсы» бітіріп, біліктілігін арттырып келген мемлекеттік-құқықтық пәндер және заң пәндері кафедрасының оқытушылары Еркебулан Молдабеков пен Рауан Жалтырбаева тәжірибе алмасу семинарын өткізді. Семинар барысында олар тәжірибеден өту кезінде үйренгендерімен білген-түйгендерімен бөлісті. Семинарға қонақ ретінде педагогика ғылымдарының докторы Б.Ж.Құрманова және экономика және құқық институтының директоры С.М.Кулушев, сонымен қатар институт оқытушылары қатысты. Семинардың жоғары деңгейде өтуіне басы-қасында жүрген факультеттің әдістемелік секция жетекшісі С.Б.Саутбаева үлкен үлес қосты. Заң пәндері кафедрасының оқытушысы Рауан Жалтыр-

баева жалпы курс мазмұны туралы жиналғандарға түсінік беріп өтті. Ол бұл курстың өзектілігі Қазақстан Респуб-ликасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен және міндеттерімен үйлесетінін, бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде, жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға үйретуді қамтитындығын тілге тиек етті. Сондай-ақ,

Р.С.Жалтырбаева сабақ жоспарын құрудағы қысқа мерзімді жоспардың маңыздылығын атап айтты. Оны құру тәсілдерін көрсете отырып, оның тиімділігіне ерекше тоқталды.

Ал мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Еркебулан Молдабеков бағдарламаның негізгі жеті модулінің түйінді идеяларын түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, бұрынғы және қазіргі кездегі білім беру жүйесіне салыстыру көлтіре отырып, курста үйреніп келген жаңа тәсілдерге көбірек тоқталды.

Білім берудегі педагогика мен психология кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Бақтыгүл Курманова «Оқытудағы инновация мәні мен функциясы» тақырыбында баяндама жасап, осы курстан тәжірибеден өткендіктен оның маңыздылығы туралы пікірін білдіріп өтті.

Өз тілшіміз



ОТАНЫН СҮЮГЕ ҮНДЕЙДІ

Экономика және құқық институтының белсенді студенттері ақпан айының 18 күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «25 жыл бір ел бір тағдыр» атты республикалық деңгейде өткен патриоттық акция бастауына байланысты жастар саясаты басқармасы мен еліміздің басқа да қалаларының белсенді студенттерінің атсалысуымен өткізілген онлайн конференцияға қатысты.

Бұл шараның мақсаты-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай әлеуметтік желілерде суреттерді патриоттық жазумен өзгерту арқылы жастардың бойында Отанға, елге деген сүйіспеншілікті нығайта түсу. Ол үшін 25el.kz сайтына кіріп, суретті жүктеп, оны патриоттық нақышта өзгерту керек. Бұл акцияны осы уақытқа дейін 25мыңнан астам ел азаматтары қолдаған. Экономика және құқық институтының белсенді студенттері де «25 жыл бір ел бір тағдыр» атты патриоттық акцияны бірауыздан қолдайды.

Өз тілшіміз

Оқу жылы жоспарына сәйкес университетіміздің ғылыми-әдістемелік бөлім басшысы Бақыт Каированың басшылығымен жалпы университет ішілік семинар тақырыптары бекітілген болатын. Осы жоспар негізінде бөлім әдіскері Римма Батырқызының жетекшілігімен педагогика институтында кең ауқымда семинарлар өткізілуде. Бұл семинарлардың негізгі бағыты жаңашылдыққа, жаңа инновацияны оқу әдістемесіне енгізу жолдарына бағытталады. Сондай бір шара жуырда «Бейнелеу өнері және кәсіптік білім» кафедрасында «Қазақстанның білім беру жүйесінде оқытудың конструктивтік көзқарасын қалыптастыру» тақырыбында өткізілді.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС



Семинарға университетіміздің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Т. Ботағариев, педагогикалық білімнің инновациялық орталығының жетекшісі З.У.Имжарова және ғылыми қызметкері Л.О.Жақсылықова, педагогика институты оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы М.Р.Балтымова және университеттің профессор-оқытушылары қатысты.

Шараны кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Муса Шаштыгарин сөз сөйлеп ашып, ол жаңа тұрпаттағы мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігіне, бүгінгі таңдағы жаңа инновациялық технологиялардың мәселелеріне тоқталып өтті.



Семинар барысында педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасы негізінде III-деңгей «Бетпе-бет» оқыту бағдарламасының жеті модульдері қарастырылды. Шарада біріккен және топта жұмыс жүргізу әдістемесінде оқытушылар тапсырма орындауда өздерінің ой пікірлерін ортаға салып, талдап, топ арасында белсенді талқылады. Оқыту мен оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау керектігі туралы ой пікір айтылды. Сыныптағы психологиялық ахуал оқытушылардың оқу туралы пікірін анықтау, оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жеңу мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді таңдау және нақтылау мәселелерін алға тартты.

Семинарға қатысқан университет оқытушылары өз тәжірибелерін ортаға салып, болашақта әр модуль бойынша жеке-жеке семинарлар өткізілсе деген ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ, семинардың оқытушылары үшін оқу әдістемесінде жаңа бағытқа бет бұруда маңыздылығы ете зор екендігін атап өтті. Шара қорытындысында педагогикалық білімнің инновациялық орталығының жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Зауреш Имжарова мен ғылыми-әдістемелік бөлімнің әдіскері Римма Ибраимова оқытушылардың қойған ұсыныстарының алдағы уақытта қаралатындығын, осы істің ары қарай жалғасын табатындығын айтты. Семинарға қатысқан оқытушыларға арнайы сертификат табыс етілді.

Жадыра АРЕН

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІМ

Ақпанның 18 күні биология мамандығының 301, 302 және 303 топ студенттері кураторлары А.А.Базарғалиева, Р.И.Изимова, Г. М.Кукбаевалармен бірге, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына жолдауын насихаттау мақсатында «Жолдауды қолдау» тақырыбында өзіндік бір ерекшелігі бар деңгелек үстел ұйымдастырды.

Іс-шараға қатысқан тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор М.О.Миров, т.ғ.д., профессор Н.А.Абдоллаев, факультет деканы З.Б.Сұлтамұратова, биология кафедрасының меңгерушісі Е.Т.Қазкеев, бірқатар кафедра оқытушылары мен аталған топ кураторлары студенттермен 4 шағын топшаларға топтасып, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбындағы жолдауының әрбір бағытын жеке-жеке ой елегінен өткізе отырып, өзара қызу пікірталасты.

Айта кетерлік бір ерекшелік деңгелек үстелге ата-аналар да шақырылды. 301 топ студенті Орынай Алдашева әкесі Алдаш Есжанмен бірге сөз алып, Елбасының «Білімді, еңбекқор, бастамашыл белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өмірге бағытталыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер, мамандықтың бәрі жақсы» деген сөздері жастарға жігер беретінін, болашаққа нық сеніммен қарауға жетелейтінін айтып өтті.

Деңгелек үстелге қатысқандар түгел дерлік арнайы таратпа материалдармен, электронды ақпараттармен «Ана тілі», «Ақтөбе университеті» газеттерімен қамтамасыз етілді. Шарада қатысқан барша студенттер жолдаудың өз жан-дүниесіне, жүрегіне ең жақын деген жолдарын қағазға түсіріп, аудитория тақтасына іліп, Елбасы Жолдауын қолдайтындарын әрі көрнекі, әрі нақты айшықтай білді.

Ақтоты ШАКЕНОВА,
биология мамандығының 3 курс студенті



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОҒАН ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ШЕҢБЕРІ ҚАНДАЙ?



Осындай тақырып аясында 2016 жылдың 19 ақпан күні техникалық факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен, Ақтөбе облысының ішкі істер департаментінің полиция майоры Л.Б.Курманбекова және полиция капитаны Н.А.Мукумовпен 1 курс студенттері арасында кездесу өткізілді.

Кездесудің басты мақсаты- құқық бұзушылық саласындағы, әрекеттегі заңнама бойынша құқықтық нормалар туралы ақпараттар беру, студенттік ортада құқық бұзушылықтың болуы мен таралуына әсер ететін факторларды қарастыру, ағымды жылдағы құқық бұзушылық статистикасымен жастарды таныстыра отырып, қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына арналды.

Кездесу барысында полиция майоры Л.Б.Курманбекова қазіргі кездегі қоғамдағы құқық бұзушылықтың себеп-салдары, оның алдын алу жөніндегі жүргізіліп жатқан шаралар жайлы сөз қозғаса, полиция капитаны Н.А.Мукумов қоршаған ортада, яғни қалада тазалықты қалай сақтау керек, адамның дұрыс жүріс-тұрысын, қоғамдық орындарында шылым тартуға тыйым салынғанын және белгіленген орындарда жолдан ету ережелерін қатаң сақтау қажеттігі жайлы айтып өтті.

Шара соңында студенттер мен құқық қорғау органдарының өкілдері өзара сұрақ-жауап алмасып, жастар құқықтық міндеттер, ережелер, құқық қорғау және тәртіп сақтау жөнінде өздеріне қажетті көптеген мағлұматтар алды. Мұндай шаралардың жастардың өмірінде қателіктерге ұрынбау үшін алар маңызы зор екені сөзсіз.

Данагүл БАЗАРБАЕВА,
техникалық факультеттің студенттермен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы

АКТЮБИНСКАЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ ШКОЛА ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ «МАНСАП»

Современное общество сегодня всесторонне развито, внедряются новые технологии в развитии экономики, политики и образования. Экономика и управление должны стать решающими функциями государственных органов.

Именно государственные органы должны в первую очередь внедрять новые технологии, чтобы знать, как правильно управлять всесторонне развитым обществом. Значение государственного управления как области фундаментального научного исследования в настоящее время признают во всех странах. Ученые во всем мире, в том числе и Казахстана, ощущают неизбежность смены взглядов на государственное управление.

По мнению патриарха американского менеджмента Питера Друкера, исторические успехи наций на 80% определяются не природными ресурсами и технологиями, а эффективностью управления. Именно по этой причине одни страны прогрессируют, другие - отстают. Слабое управление со стороны государства приводит любую страну к нестабильности, коррупции и бедности, и наоборот. В настоящее время масштабность, динамичность и открытость социально-экономических процессов, происходящих в мире, породили новую проблему - проблему ускоренной адаптации государства к темпам изменения масштабных факторов. В связи с этим государство, не противопоставляя себя бизнесу, должно путем создания эффективной институциональной структуры обе-

спечивать повышение продуктивности частного сектора и рациональное предоставление важнейших общественных благ. Сегодня в мировом сообществе укрепляется точка зрения, что государство не должно ограничиваться разработкой только экономической политики. Необходимо развивать соответствующие институциональные элементы, последовательно реализующие экономическую политику и способствующие успешному функционированию рынка.

Государственная служба Казахстана является одной из самых продвинутых на пространстве СНГ. В стране созданы основы для поступления на государственную службу грамотных людей и по конкурсному отбору. В настоящий момент одним из важнейших направлений дальнейшего реформирования отрасли является совершенствование механизмов приема на госслужбу молодежи.

Многие специализированные учебные заведения, ориентированные на подготовку специалистов для государственной службы, предлагают в основном научное и теоретическое образование. Вместе с тем такие качества, как опыт, профессиональные контакты, системное понимание отрасли, остаются вне образовательной сферы. Кроме того, такие свойства, как лидерские и организаторские способности, отходят на второй план, в то время как они должны сочетаться

и дополнять друг друга.

Зачастую отсутствие необходимых практических навыков и опыта у молодых людей не позволяет кадровым службам министерств и ведомств брать их на работу.

В этом плане возникает существенный дефицит молодых кадров, обладающих всеми тремя качественными характеристиками -

- 1) образованием,
- 2) лидерскими качествами,
- 3) профессиональным системным видением и опытом.

Департамент с целью привлечения одаренной молодежи на госслужбу совместно с РЦО, управление по вопросам молодежной политики Актыобинской области и Актыобинский региональный государственный университет имени К. Жубанова реализуют проект «Актыобинская студенческая школа государственной службы «МАНСАП».

В связи с этим департамент Министерства по делам государственной службы РК по Актыобинской области выработал специальный проект - «Актыобинская студенческая школа государственной службы «МАНСАП».

Школа государственной службы является заведением, предоставляющим молодым лидерам возможность приобрести практические навыки государственной службы путем прохождения практики в государственных органах.

Такое обучение позволит стажеру школы обрести системное видение одной из следующих сфер управления:

- Государственно-правовое ре-

гулирование;

- Связь с общественностью, журналистика;
- Государственное регулирование экономики;
- Международные отношения;
- Политология;
- Информационные технологии.

Прием в ШГС предполагается осуществлять в два этапа:

- первый - тестирование на знание законодательства;
- второй - собеседование с членами приемной комиссии, состоящей из членов наблюдательного совета и представителей государственных органов.

Абитуриенты, прошедшие отбор, получают статус стажеров. После конкурсного отбора выявится около 20-30 стажеров.

Каждый стажер в течение трех месяцев должен будет пройти практику.

Оценка ответственности и коммуникабельности будет производиться по установленным контактам с должностными лицами, выполненным поручениям и подготовленным письмам.

Общими критериями оценки успеваемости стажера также являются: коммуникабельность, успеваемость, пунктуальность, ответственность.

Эти критерии отражаются в зачетной книжке стажера.

В итоге стажер, прошедший практику по данному направлению, получает практические контакты и навыки, широкое представление о системе госрегулирования отрас-

лю в целом и может на деле сопоставить теорию с практикой.

В дальнейшем стажер, прошедший стажировку в школе государственной службы, при поступлении будет иметь естественный приоритет над остальными, так как непосредственно знаком с работой государственных органов по определенному направлению. Кроме того, если стажер дальше будет продолжать работу в государственных органах, полученные знания ему также пригодятся.

ШГС, прежде всего, направлена на обучение молодежных лидеров, перспективных молодых людей путем прохождения ими практики в госорганах.

Таким образом, с одной стороны формируется механизм обеспечения госслужбы (особенно низовых звеньев) кадрами, обладающими лидерскими качествами и высоким интеллектуальным потенциалом. С другой стороны, укрепляются молодежные НПО, входящие в Конгресс молодежи Казахстана, и сближаются молодые лидеры с потенциальными работодателями.

Помимо основной деятельности школа реализует различные проекты, проводит и участвует в городских и областных мероприятиях.

Кайыржан ТОКУШЕВ,
руководитель департамента,
председатель совета по этике
Министерства по делам
государственной службы
Республики Казахстан
по Актыобинской области

Сотрудничество школы и вуза

САМОПОЗНАНИЕ: ТВОРИТЬ СЕБЯ В СВОЕЙ СУДЬБЕ



10 февраля на базе школы-лицея № 27 состоялся круглый стол «Новые подходы в преподавании предмета «Самопознание», в котором приняли участие преподаватели кафедры общей педагогики и психологии Ж.А. Жусупова, С.П. Тенеряднова, У.Ж. Туякова, Б.Б. Ертлеуова, студенты специальностей «Русский язык и литература», «Самопознание», учителя школы. В процессе семинара состоялся активный диалог о роли рефлексии в процессе развития личности как обучающегося, так и педагога. Социально-психологическую ценность и практическую реализацию арт-терапевтических методов обучения раскрыла У.Ж. Туякова. Студентка 3 курса специальности «Русский язык и литература» И. Толстых поделилась опытом использования приема сказкотерапии в процессе прохождения педагогической практики.

Участниками круглого стола были подняты вопросы, связанные с темами дисциплины и реализацией ценностных установок на учебных занятиях. Преподаватели вуза предложили методические рекомендации по улучшению качества преподавания дисциплины «Самопознание».

Соб. корр.

ДІН ҚАЙРАТКЕРІ ДОСЖАН ИШАННЫҢ рухани мұрасы насихатталды

Жақында университетіміз «Руханият» Ақтебе облыстық музейімен бірлесіп, діни қайраткер Досжан ишан Қашақұлының 200 жылдығына арналған республикалық ғылыми-танымдық конференция өткізді. Конференция тақырыбы «Дін және қоғам қайраткері Досжан ишан Қашақұлы және Батыс Қазақстандағы діни қайраткерлер мен діни нысандар» деп аталды. Мешіт-мәдресе салып, шәкірт тәрбиелеп, мұсылмандық ағартушылықпен айналысқан, халық арасында ислам дінінің құндылықтарын таратуға атсалысқан дін қайраткері Досжан ишанның енегелі өмір жолын зерделей отырып, жас ұрпаққа жеткізу мақсатында өткізілген бұл конференцияға университетіміздің профессорлары, философия ғылымдарының докторы Амангелді Айталы, тарих ғылымдарының докторы Нұртаза Абдоллаев, «Нұр ғасыр» мешітінің бас имамы Нұрлан қажы Байжігітұлы, сондай-ақ, облысымыздың аудандарынан тарихи-өлкетану музейінің директорлары, университет студенттері қатысты.

Конференцияны тарих ғылымдарының докторы, университетіміздің тарих және аймақтану кафедрасының профессоры Рахым Бекназаров жүргізіп отырды.

Конференция барысында Досжан ишан Қашақұлының ислам дінінің орнығуына қосқан қызметі, ХІХ-XX ғасырлар басындағы және кеңес үкіметі тұсындағы республика бойынша діни қайраткерлер мен діни нысандар, мұражайлардың мәдени-тарихи және діни мұраны сақтау мен дәріптеудегі рөлі мен маңыздылығына байланысты ете кең ауқымда баяндамалар жасалды. Профессор Амангелді Айталы «Қазақ мұсылмандығы және Досжан хазірет» тақырыбында жазған баяндамасында сүбелі ойларын ортаға салса, Нұртаза Абдоллаев Шибұлақтағы көкешіт сыры жайында құнды мәліметтерді көпшілік назарына ұсынып, жиналғандардың қызығушылығын тудырды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Марат Қасенов пен Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, өлкетанушы Еркін Құрманбек жасаған баяндамаларда Досжан ишанның халық үшін жасаған зор еңбектері мысалға келтіріліп, халық қамын ойлаған ұлы тұлғаның өруағына жиналғандар іштей тағзым етті.

Сонымен бірге бұл жиында университетіміздің тарих факультетінің 2 курс студенттері Мадина Дүйсембаева мен Дария Тлеукуловаларда ездерінің баяндамаларын жасады.

Жадыра АРЕН



ЖЫР ТҰЛПАРЫ - МҰҚАҒАЛИ

Осындай тақырыппен ақпан айының 12 жұлдызында физика-математика факультетінің ғимаратында информатика мамандығының I оқу жылғы магистранттарының ұйымдастыруымен, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдық мерейтойына орай байқау болып өтті. Кеш жүргізушілері информатика мамандығының 2 курс студенті Ержан Дамир мен информатика мамандығының магистранты Айдана Кузенбаева байқауды ақынның өз өлеңімен бастады.



Байқауды «Информатика және ЕТ» кафедрасының меңгерушісі Сауле Сарсимбаева ашып, артына өлместей мұра, өшпестей есім қалдырған ақынның өмірінен сыр шертті. Байқауға бес бірдей үміткер қатысып, бақтарын сынады. Сайыстың әділ бағасын беріп, топты жарып оза шапқан жеңімпазды анықтау үшін филология мамандығының магистранттары Ғаламат Әребаев пен Сандуғаш Кожина, информатика мамандығының магистранты Жазира Жетписбаева қазылық етті.

«Таныстыру», «Білгенге маржан» және «Поэзия әлемі» атты үш кезеңді құраған байқауда, үміткерлер ақынның өмірінен деректер келтіріп, көрермен назарына таңдамалы шығармаларын ұсынды. Математика мамандығының магистранты Айымторы Самұрат кешті Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Саржайлау» әнімен әрледі.

Қазылар алқасының шешімімен жүлделі I орынға белсенділігімен танылып, жоғары нәтиже көрсете білген есептеуіш техника және

бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 2 курс студенті Гүлнұр Сембі ие болды. Өзіндік шығармашылық қабілетімен кезге түскен математика мамандығының 2 курс студенті Айзада Есалина жүлделі II орынды иеленді. Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқуда, тақырып таңдауда шеберлік көрсеткен математика мамандығының 2 курс студенті Мейрамгүл Оңайбаева жүлделі III орынға лайық деп танылды. Байқау барысында жоғары деңгейде өнер көрсеткен есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 1 курс студенті Анар Бексұлтан мен информатика мамандығының 2 курс студенті Менсұлу Аманова Мақтау қағаздарымен марапатталды.

Ақынның 85 жылдық мерейтойына арналған байқау жоғары дәрежеде өтті. Бұл кешті ақиық ақынның ұрпақтары, мына біз де, ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да естен шығармайтыны анық.

**А.КУЗЕНБАЕВА, А.БАЙСУНОВА,
Ж.ЖЕТПИСБАЕВА, А.УРГЕНЧЕВ,
информатика мамандығының
I оқу жылы магистранттары**

МЕЙІРІМДІЛІК ШАРАСЫ



19 ақпан күні жалпы педагогика және психология кафедрасының профессор-оқытушылар ұжымы мен дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенттері, «Мейірімді істер әлемі» қайырымдылық акциясы аясында қаламыздағы «Үміт» сәбилер үйіне барды. Оқытушылар мен студенттер «Үміт» сәбилер үйінің басшылығы мен қызметкерлерімен кездесіп, бүлдіршіндерге қажетті құрал-жабдықтар мен жемістер табыс етті. Ұжым басшылығы кафедра оқытушыларына өз алғыстарын білдірді.

Жалпы педагогика және психология кафедрасы



**Қазақстан Республикасының
Медениет және Ақпарат
Министрлігі Ақпарат және
Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын
және ақпарат агенттіктерін
есепке алу туралы 2014 жылғы
12 ақпанда тіркеліп
№14155-Г куелігі берілген**

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арэн Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбағанбетов О.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арэн Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

**Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында (Ақтебе
қаласы, Смағұлов кешесі,
9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.**

**Тапсырыс №27.
Таралымы 3000**

**Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ә.
Молдағұлова кешесі 34 үй. 2-қабат,
200 ° белме. Келімі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.**

**Газет редакциясына келіп
түскен қолжазбалар мен фото-
суреттер қайтарылмайды.**



ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Студентку 3 курса института педагогики специальности «Физкультура и спорт», завоевавшую золотую и две серебряные медали на VI зимней Универсиаде РК в г. Алматы, Марию СИЗОВУ.

Мария завоевала путевку на Всемирную Универсиаду 2017 года, она будет представлять наш университет.

Желаем дальнейших успехов в учебе и спорте.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ



2016 жылдың 13 ақпан күні техникалық факультеттің белсенді студенттері мен «Жас Отан» ЖҚ мүшелері «Ардагерлерімізді ардақтайық!» деген ұранмен «Мейірімді жүрек!» атты қайырымдылық акциясын өткізді. Акция барысында жастар көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, қарттардың үйінің ауласындағы қалың қарды тазалап, тұрмыстарына қажетті басқа да үй шаруашылықтарына қолғабыс етіп, өзгеде көмектер ұйымдастырды. Қариялар жастардың қайырымдылық жұмыстарына алғыстарын жаудырып, батасын берді.

Ерікті жастар осы бағыттағы жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастыра бермек ниетте екендерін білдірді.

Данагүл БАЗАРБАЕВА,

**техникалық факультеттің студенттермен және
жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманы**

ЖЕТІМ КӨРСЕҢ ЖЕБЕЙ ЖҮР

Елімізде соңғы жылдары белең алған өткір мәселелердің бірі- тастанды жетім балалардың көбеюі. Халқымыздың ғасырлар бойы табиғатында болмаған қандай қиыншылықтарды бастан көшірсе де жетімін жылатпаған ұлттымыздағы қазіргі хал-ауқаты түзеліп, жағдайы жақсарғанда осындай келеңсіздіктердің орын алуына не себеп? Ұлттық дәстүрімізді мансұқтап, барымыздан айрылып, берік сана-сезімімізге ақау түсіріп алдық па? «Ұлт боламын десең бесіңді түзе» деген қағиданың мансұқ болғаны ма? Педагогика институтының дефектология мамандығының бірінші курсы 102 тобында өткен тәрбие сағатында студенттер осындай көкейтесті мәселелерді қарастырып, шама-шарықтарына оның жауабын іздестірді. Жастарды қайырымдылыққа, имандылыққа, бірлікке тәрбиеленуді мақсат тұтты. Осы мәселелер төңірегінде топ студенттері Айжан Қожаберген, Назым Жалғасбаева, Ақбота Мырзабекова монолог оқыды. Ақмарал Орынбасарова, Мұхаммед Өмірбаев, Назгүл Баймағанбетова сазды әуендерін арнады. Барлық топ студенттерінің қатысуымен «Алданған тағдыр» көрінісі қойылды. Ананың ақ сүтін еміп, мейірімді алақанын сезініп, бойына барлық асыл қасиетті жинаған парасатты азаматты қалыптастыру жолдары айтылды.

К.Г. МҰСАБЕКҚЫЗЫ,

топ кураторы